

**«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы»
РМҚК-ның 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларына жүргізілген
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
талдамалық анықтамасы**

Тараз қаласы

19 желтоқсан 2025 жыл.

Ішкі талдау объектісі:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК (бұдан әрі – Кәсіпорын).

Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2025 жылғы «01» қаңтардан 2025 жылғы 31 желтоқсан аралығы.

Ішкі талдау объектісі: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК (бұдан әрі - Кәсіпорын).

Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2025 жылдың «01» қаңтарынан-31 желтоқсан аралығы.

Ішкі талдаудың мақсаты

Ішкі талдаудың негізгі мақсаты – **сыбайлас жемқорлық фактілеріне қарсы мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау жағдайлары мен себептерін анықтау** болып табылады.

Ішкі талдау ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобын құру туралы» бұйрыққа (бұдан әрі – Жұмыс тобы) сәйкес жүзеге асырылды.

Талдау жұмысы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директорының 2025 жылғы «01» желтоқсандағы №94 н/қ бұйрығына негізделіп жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобының құрамы

Жетекші:

- **Карымсакова Балнур Алпысбаевна** – комплаенс офицері, жұмыс тобының жетекшісі.

Жұмыс тобының мүшелері:

- **Жанбосынова Айдана Бесикбаевна** – «Қор сақтау және есепке алу» бөлімінің бас қор сақтаушысы;
- **Ибраимкулов Кайрат Бейсекулович** – «Әкімшілік-шаруашылық» бөлімінің басшысы;
- **Шаизхан Ұлжалғас Шаизханқызы** – «Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінің басшысы;
- **Абдикаримова Гульназия Умирбековна** – «Қаржы және экономикалық жоспарлау» бөлімінің басшысы.

Хатшы:

- **Джаппарова Гаухар Сарсенбековна** – «Кадр жөніндегі инспектор».
- **Ішкі талдаудың мақсаты**
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау **кәсіпорынның қызметін**, оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды талдау арқылы жүргізілді.
- Ішкі талдау **ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасымен бекітілген 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрыққа** сәйкес, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдардың» 15-тармағына негізделген.

Қолданылған ақпарат көздері

Ішкі талдау жүргізу барысында келесі ақпарат көздері пайдаланылды:

1. Талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
2. Талдау объектісінің қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік;
3. Талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдардың жүргізген тексерулерінің нәтижелері;
4. Ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
6. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
7. Талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
8. Талдау объектісінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін анықтау және жауапқа тарту туралы мәліметтер.

I. Кәсіпорынның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында кәсіпорында құқықтық нормативтік актілердің дұрыс жасақталуы және қабылданған актілердің заңдылығы тексерілді. Аталған мерзімде:

- Жеке құрам бойынша – **103 нормативтік акт**;
- Негізгі құрам бойынша – **98 нормативтік акт**;
- Кадрлық бағыт бойынша – **78 нормативтік акт** қабылданған.

Сонымен қатар, 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында кәсіпорынға **667 хат** келіп түсті, ал кәсіпорыннан **563 хат, хабарламалар** жіберілді. Барлық нормативтік құқықтық актілер тексеріліп, талданды.

Тексеру нәтижесінде анықталды:

- Қабылданған нормативтік құқықтық актілердің нормаларында **құқықтық қайшылықтар тіркелген жоқ**;
- Нормативтік құқықтық актілерді ерікті түрде түсіндіруге мүмкіндік беретін, жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін шектеуге ықпал ететін, әкімшілік басқарушылық персоналдың өз қарауы бойынша шешім қабылдауына себеп болатын фактілер анықталған жоқ;

- Құқық қолдану процесінде және лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында туындайтын **қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктер тіркелген жоқ.**

Жалпы қорытынды: кәсіпорынның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде **сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын жағдайлар анықталған жоқ.**

II. Перносалды басқару бағыты.

Кәсіпорынның 2025 жылға бекітілген штат саны **58 бірлікті** құрайды. Есептік кезеңде **29 қызметкер жұмысқа қабылданып, 29 қызметкердің** еңбек шарты өз еркімен жұмыстан шығу туралы өтініштері негізінде тоқтатылды. Осыған байланысты кәсіпорындағы кадрлық ауысу деңгейі **52 %** құрады, бұл салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіш болып саналады. Аталған жағдай негізінен еңбекақы деңгейінің төмендігімен және еңбек шарттарының мерзімінің аяқталуымен түсіндіріледі.

Кәсіпорынға қызметкерлерді жұмысқа қабылдау **2022 жылғы 12 қыркүйекте** кәсіпорын директоры бекіткен «Кәсіпорында бос лауазымдарға қабылдау барысында кәсіпорын басшыларымен әңгімелесу өткізудің регламентіне» сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қызметкерлерді іріктеу барысында келесі нормативтік құқықтық актілер басшылыққа алынады:

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің **2017 жылғы 17 шілдедегі №209 бұйрығымен** бекітілген мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшылары, мамандары және өзге де қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары;
- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің **2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығымен** бекітілген басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

2025 жылы кәсіпорын бойынша **3 қызметкер** тәртіптік жауапкершілікке тартылды, атап айтқанда:

1. **Сырғабай Ж.** – 09.06.2025 жылы «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды;
2. **Жаксыбаева Г.** – 06.02.2025 жылы «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды;
3. **Мамырбек Е.** – 13.01.2025 жылы «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің **66-бабының 5-тармағына** сәйкес, Сырғабай Ж.-ға қолданылған тәртіптік жаза жойылмай, ол **08.07.2025 жылы** өз еркімен еңбек шартын бұзды. Жаксыбаева Г.-ның тәртіптік жазасы **26.08.2025 жылы** белгіленген мерзімдерге сәйкес алынды. Мамырбек Е. музей қараушысы ретінде «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазаға тартылды. Сырғабай Ж. – қарауыл қызметін атқару барысында жұмыс орнында болмағаны үшін, ал Жаксыбаева Г. жұмысқа кешігіп келу және жұмыс орнынан ерте кету фактілерінің жиі орын алуына байланысты тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар, 2025 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің **2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен** бекітілген азаматтық

қызметшілерге және мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің **6-тармағының 2) тармақшасына** сәйкес кәсіпорын қызметкерлеріне сыйақылар тағайындалды. Атап айтқанда:

- **30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне,**
- **25 қазан – Республика күніне,**
- **16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне** орай, атқарылған жұмыс нәтижелеріне байланысты кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне **100 % көлемінде сыйақы** берілді.

Сыйақылар кәсіпорынның **2025 жылға арналған даму жоспарындағы еңбекақы төлеу қоры аясында**, сондай-ақ бюджеттен тыс үнемделген қаражат есебінен төленді. Сыйақы тағайындау қызметкерлердің жұмыс нәтижелеріне және үнемделген қаражат көлеміне тікелей байланысты жүзеге асырылды.

Қызметкерлерге тәртіптік шара қолдану, сыйақы төлеу, еңбекақы есептеу және төлеу, еңбек демалысына шығару кезінде қабылданған нормативтік құқықтық актілерге жүргізілген тексеру барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзылу фактілері анықталған жоқ. Сонымен қатар, іссапарлар мен еңбек демалысына жіберу мәселелері бойынша жүргізілген тексеру нәтижесінде де сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тіркелмеді.

Дәлелсіз арыз-шағымдар негізінде кәсіпорын басшылығының қызметінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз әрекеттер анықталған жоқ. «Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша мүдделер қақтығысының туындау фактілері анықталған жоқ.

Ішкі талдау қор сақтау және есепке алу бөлімінің қызметіне, атап айтқанда музейлік жәдігерлерді қабылдау, есепке алу, сақтау, пайдалану және уақытша беру тәртібіне қатысты жүргізілді. Аталмыш талдаудың негізгі мақсаты – бөлімінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар-жоғын анықтау, қолданыстағы рәсімдердің тиімділігін бағалау және алдын алу шараларының жеткіліктілігін зерделеу.

Қор сақтау және есепке алу бөлімі қызметінде:

- музейлік жәдігерлерді қабылдау, есепке алу және сақтау рәсімдері қолданыстағы талаптарға сәйкес жүзеге асырылатыны;
- қор құжаттамасының белгіленген тәртіпте жүргізілетіні;
- жәдігерлерді уақытша пайдалануға беру және қайтару процестерінің тиісті құжаттармен рәсімделетіні;
- материалдық жауапты тұлғалардың міндеттері нақты айқындалғаны;
- ішкі бақылау және түгендеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілетіні анықталды.

Жүргізілген ішкі талдау барысында қор сақтау және есепке алу бөлімінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін тәуекелдер анықталған жоқ. Қолданыстағы бақылау тетіктері мен ішкі рәсімдер бөлім қызметінің ашықтығын және заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

2025 жылы «Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінде жоспарлы әрі жүйелі жұмыстар жүргізілді. Бөлім қызметінің барлық бағыттары қолданыстағы заңнама талаптарына, ішкі нормативтік құжаттарға және белгіленген этикалық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан жан-жақты қамтылды.

Ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, сақтау және тиімді пайдалану барысында құқықтық тәуекелдердің алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау, сондай-ақ қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Жүргізілген ішкі бақылау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін тәуекелдер фактілері анықталған жоқ. Бөлім қызметі ашықтық, заңдылық және адалдық қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылды.

Құқықтық статистика деректеріне талдау

2025 жылға арналған бақылау кезеңінде Мекеме қызметіне қатысты **құқықтық статистика органдарында тіркелген деректер анықталған жоқ.**

- Мекеме қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық немесе әкімшілік іс жүргізулер тіркелмеген;
- Уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарға қатысты есепке алынған материалдар жоқ.

Аталған жағдай Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуын және алдын алу шараларының тиімді іске асырылып отырғанын көрсетеді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне талдау

Ішкі талдау аясында 2025 жылы:

- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- «сенім» телефоны арқылы келіп түскен қоңыраулар;
- жеке және заңды тұлғалардың жазбаша және ауызша өтініштері;
- азаматтарды жеке қабылдау журналы зерделенді.

Талдау нәтижелері бойынша:

- Мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты **БАҚ-та жарияланымдар анықталған жоқ;**
- Жеке және заңды тұлғалардан сыбайлас жемқорлық сипатындағы **шағымдар, арыздар немесе өтініштер тіркелмеген;**
- «Сенім» телефоны бойынша **шағымдар түскен жоқ;**
- Азаматтарды қабылдау журналында сыбайлас жемқорлыққа қатысты өтініштер **тіркелмеген.**

Бұл көрсеткіштер қоғам тарапынан Мекемеге деген сенім деңгейінің жоғары екенін және кері байланыс тетіктерінің тиімді жұмыс істейтінін айғақтайды.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл динамикасына талдау

2025 жылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту мақсатында бірқатар профилактикалық іс-шаралар өткізілді.

- ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманы **Нурханова Таңшолпан Бақытәліқызының қатысуымен** дөңгелек үстел өткізілді;

- 2025 жылғы қараша айында қызметкерлердің **90%-ын қамтыған жасырын сауалнама** жүргізілді.
Сауалнама нәтижелері бойынша:

- өндірістік персоналдың **82%-ы** жұмыс жағдайларына және моральдық-психологиялық ахуалға қанағаттанатынын көрсетті.

Бұл деректер Мекемеде тұрақты жұмыс ортасы қалыптасқанын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің төмен деңгейде екенін көрсетеді.

4. Мемлекеттік сатып алу саласына талдау

2025 жылы электрондық Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы **барлығы 158 келісімшарт** жасалды.

Сатып алу рәсімдері төмендегідей бөлінді:

- Бағалы ұсыныстарға сұраным – **66 келісімшарт**;
- Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу – **27 келісімшарт**;
- Тікелей шарт жасасу (бір дереккөзден) – **63 келісімшарт**;
- Электрондық дүкен арқылы – **2 келісімшарт**.

Жүргізілген ішкі бақылау нәтижелері бойынша:

- Мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін тәуекел факторлары анықталған жоқ;
- Мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, **ашықтық және заңдылық қағидаттарын сақтай отырып** жүзеге асырылған;
- Мемлекеттік сатып алуларға қатысты шағымдар, арыздар немесе өтініштер түскен жоқ.

Жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша:

- Құқықтық статистика органдарында Мекемеге қатысты деректер жоқ;
- Қоғамдық бақылау және кері байланыс тетіктері тиімді жұмыс істейді;
- Мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйелі түрде іске асырылуда.

Қорытындылай келе, Мекемеде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін тәуекелдер анықталған жоқ.

2025 жылдың қаңтар айынан бастап музей-қорықтың ресми әлеуметтік желі парақшаларында барлығы **285 рилс бейнематериалы** және **126 ақпараттық жарияланым** орналастырылды. Жарияланған контент музей-қорықтың қызметін ашық әрі жүйелі түрде көрсетуге, тарихи-мәдени мұраны кеңінен насихаттауға, сондай-ақ қоғаммен тиімді кері байланысты нығайтуға бағытталды.

Әлеуметтік желілерде жарияланған барлық материалдар музей-қорық қызметкерлері тарапынан өз бетінше дайындалып, үшінші тұлғалардың заңсыз ықпалына немесе қаржылық мүдделеріне жол берілмей жүзеге асырылды. Контентті әзірлеу және жариялау барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптары толық сақталды.

Жүргізілген ішкі бақылау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін тәуекел факторлары анықталған жоқ.

«Музей ісі және экскурсиялық қызмет» бөлімі музей қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылатын экскурсиялық қызметті жүйелі және жоспарлы түрде жүзеге асырып келеді. Бөлім қызметі бекітілген талаптар мен нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастырылды.

2025 жылға арналған жүргізілген талдамалық жұмыс нәтижесінде бөлім қызметінің белгіленген талаптарға толықтай сәйкес келетіні анықталып, қателіктер мен кемшіліктер тіркелген жоқ.

Сондай-ақ, жүргізілген ішкі бақылау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін тәуекел факторлары анықталған жоқ. Бөлім қызметі ашықтық, заңдылық және адалдық қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылуда.

«Әкімшілік-шаруашылық» бөлімінің қызметіне жүргізілген ішкі бақылау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін тәуекел факторлары анықталған жоқ. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, ішкі нормативтік құжаттарға және белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырып келеді.

Бөлім қызметінде ашықтық, тиімділік және заңдылық қағидаттары сақталған.

III. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және болу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2025 жылға бюджеттен түсетін жоспарланған жылдық қаражат 2025 жылға бюджеттен түсетін жоспарланған жылдық қаражат көлемі **212 462,0 мың теңгені** құрайды, бұл жалпы қаржыландырудың **90 %**. Аталған қаражат келесі бағыттар бойынша жоспарланды:

- Қызметкерлердің еңбекақысы және барлық әлеуметтік салық төлемдері (штатта 58 қызметкер) – **174 303,0 мың теңге**;
- Материалдар сатып алуға (кеңсе тауарлары, жанар-жағар май) – **2 260,0 мың теңге**;
- Коммуналдық қызметтерге төлем – **14 631,0 мың теңге**;
- Байланыс қызметтеріне төлем – **1 090,0 мың теңге**;
- Ғимараттар мен үй-жайларды күтіп ұстауға – **18 685,0 мың теңге**, оның ішінде күзет қызметіне – **18 396,0 мың теңге**;
- Өзге де шығындар – **1 493,0 мың теңге**.

2. 2025 жылға бюджеттен нақты түскен қаражат 2025 жылы бюджеттен нақты түскен қаражат көлемі **212 462,0 мың теңгені** құрады.

3.Бюджеттік қаражаттың игерілуі 2025 жылға бюджеттен түскен қаражат толық көлемде игерілді. Игерілу деңгейі **100 %**, яғни **212 462,0 мың теңге**.

4. 2025 жылға ақылы қызмет көрсетуден түсетін жоспарланған қаражат ақылы қызмет көрсетуден түсетін жоспарланған жылдық қаражат көлемі **23 607,0 мың теңге**, бұл жалпы түсімнің **10 %**.

5. 2025 жылға ақылы қызмет көрсетуден нақты түскен қаражат 2025 жылы ақылы қызмет көрсетуден нақты түскен қаражат көлемі **24 219,0 мың теңгені** құрады. Ақылы негізде музейге кірген келушілер саны **119 359 адам**, оның ішінде:

- ересектер – **67 034 адам**;
- зейнеткерлер мен студенттер – **33 626 адам**;
- мектеп оқушылары – **17 721 адам**;
- ТМД елдерінің азаматтары – **174 адам**;
- шет мемлекет азаматтары – **804 адам**;
- экскурсия қызметін пайдаланғандар – **475 адам**;
- қонақ үй кешенінің қызметтерін пайдаланғандар – **12 адам**.

6. Ақылы қызметтен түскен қаражаттың шығыны 2025 жылы ақылы қызметтен түскен қаражаттың шығыны **24 219,0 мың теңгені** құрады, оның ішінде:

- 6 штаттан тыс қызметкердің еңбекақысы және әлеуметтік төлемдер – **10 769,0 мың теңге**;
- іссапар шығындары – **3 395,0 мың теңге**;
- негізгі қорлар сатып алу – **3 004,0 мың теңге**;
- материалдар сатып алу – **1 107,0 мың теңге**;
- өзге де салық төлемдері – **711,0 мың теңге**;
- іс-шаралар өткізу – **791,0 мың теңге**;
- өзге де шаруашылық шығындары – **4 442,0 мың теңге**.

7. 2025 жылға демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражат

Демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражат көлемі **13 529,5 мың теңгені** құрады.

8. Демеушілік және қайырымдылық қаражаттың игерілуі 2025 жылы демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражат толық көлемде игерілді. Аталған қаражат шаруашылық заттарын және негізгі қорларды сатып алуға, тарихи нысандар аумақтарын абаттандыруға және көгалдандыру жұмыстарына бағытталды. Қаражаттың игерілуі **13 529,5 мың теңгені** құрады.

Қаржылық қаражатты жоспарлау, бөлу және игеру мәселелері бойынша жүргізілген ішкі бақылау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін тәуекелдер анықталған жоқ. Қаражат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, мақсатты және тиімді түрде пайдаланылды.

Жұмыс тобының қорытындысы

Кәсіпорынның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге жүргізілген талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін тәуекелдер анықталған жоқ.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша жүргізілген ішкі талдау барысында да сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тіркелген жоқ.

Бюджеттік және қаржылық қаражатты жоспарлау, бөлу және игеру бағыттары бойынша жүргізілген тексеру нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Аталған талдамалық анықтама кәсіпорын басшысына ақпарат ретінде ұсынылды.

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Карымсакова Балнур Алпысбаевна 
2. Жанбосынова Айдана Бесикбаевна 
3. Ибраимкулов Кайрат Бейсекулович 
4. Шаизхан Ұлжалғас Шаизханқызы 
5. Абдикаримова Гульназия Умирбековна 
6. Джаппарова Гаухар Сарсенбековна 